

Жол полициясының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын тексеруді жүзеге асыруын ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрінің 2002 жылғы 26 ақпандағы N 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1811. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі Істер министрінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 223 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі Істер министрінің 2006 жылғы 15 мамырдағы N 223 бұйрығымен (2006 жылғы 16 маусымда N 109-110 (916) "Заң газеті" газетінде жарияланған).

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы заңының 40 - б а б ы н а с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

"Жол полициясының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын тексеруді жүзеге асыруын ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрінің 2002 жылғы 26 ақпандағы N 130 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1811 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және басқа де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің 2002 жылғы N 18 Бюллетенінде жарияланған, Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

М и н и с т р

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Жол полициясының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын тексеруді жүзеге асыруын ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің б а с т ы қ т а р ы :

1) осы Нұсқаулықты жол полициясы бөлімшелері қызметкерлерінің

оқып-үйренуін қамтамасыз етсін және оны орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

2) осы Нұсқаулықта көзделген қызметтік құжаттама бланкілерінің әзірленуін қамтамасыз етсін және олармен жол полициясы бөлімшелерін жабдықтасын;

3) Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 66 бұйрығымен бекітілген "Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін барлық тексерулердің бастапқы есепке алу құжаттарын ұсыну мен тіркеудің тәртібі туралы" тәртіп талаптарына сәйкес заңды тұлғалардың тексерілуін тіркеуді ұйымдастырсын.

3. Осы бұйрықтың және бекітілген Нұсқаулық талаптарының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Жол полициясы комитетіне (Н.Т.Мырзабеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі Істер министрі

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2002 жылғы 26 ақпандағы

N 130 бұйрығымен бекітілген

**Жол полициясының жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету саласында заңды тұлғалардың
Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын
орындауын тексеруді жүзеге асыруын ұйымдастыруы жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық көлік құралдарын пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жол полициясының заңды тұлғалардың "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын орындауын тексеруді (бұдан әрі - заңды тұлғаларды тексеру) ұйымдастыруын айқындайды.

2. Жол полициясының заңды тұлғаларды тексерумен байланысты қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне және осы Нұсқаулыққа негізделеді.

3. Жол полициясының бөлімшелері заңды тұлғаларды тексерудің мынадай түрлерін жүргізуі мүмкін:

1) жоспарлы;

2) жоспардан тыс - жол-көлік оқиғаларының фактілері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қозғалған қылмыстық істерді тергеуге байланысты, заңнамамен белгіленген тәртіппен жол-көлік оқиғаларының фактілері бойынша ішкі істер органдарының тергеушілері мен анықтаушылары тағайындайды.

4. Заңды тұлғаларды жоспарлы тексерудің кезеңділігі олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай белгіленеді:

1) қызметтің лицензияланбайтын түрлерін жүзеге асыратын, саны 10 адамға дейінгі кіші кәсіпкерлік субъектілері (толық серіктестік, коммандиттік серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, өндірістік кооператив) үш жылда бір рет тексеріледі.

2) осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағандағы кәсіпкерлік субъектілері жылына бір рет тексеріледі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағындағы 1) және 2) тармақшаларда көрсетілген заңды тұлғаларды жоспарлы тексеру заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының органдарында (бұдан әрі - ҚСЖАО органдары) тіркеуге жатады.

6. Заңды тұлғаны бір тексерудің мерзімі оның басталуынан аяқталуына дейін 10 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

2. Заңды тұлғаларды тексеруді ұйымдастыру

7. Тексеруді ұйымдастыру үшін жол полициясы бөлімшесінің басшысы тексеру актісін (1-қосымша) шығарады және осы Нұсқаулықтың 5-тармағында көрсетілген жағдайларда кейіннен ҚСЖАО органдарында тіркеу арқылы заңнамамен белгіленген үлгідегі есепке алу карточкасы толтырылады.

8. Жол полициясы заңды тұлғалардың мынадай міндеттерді орындауын:

1) жол қозғалысы процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыруды;

2) жүргізушілердің белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауды;

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль және жерде жүретін Қалалық электр көлігі жүргізушілері мен басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасауды;

4) жол-көлік оқиғаларының себептеріне және Жол қозғалысы ережелерін бұзушылыққа талдау жасау мен оларды жоюды;

5) көлік құралдарының техникалық жағдайына және олардың жарамды күйде

пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етуді;

6) жүргізушілерді рейс алдында және кезеңді медициналық тексеріп отыруды қамтамасыз етуді;

7) жүргізушілердің ЖКО-дан зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды тексереді.

9. Көлік құралдарының техникалық жағдайының талаптары жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға, өзге де нормативтік кесімдерге, ережелер мен стандарттарға сәйкес қойылады. Көлік құралдарының техникалық жағдайын тексеру техникалық бақылаудың жылжымалы пункттерін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

10. Көлік құралдарының техникалық жағдайын тексеру нәтижелері жол полициясының уәкілетті қызметкері және заңды тұлғаның өкілі қол қоятын тексеру актісіне (1-қосымша) енгізіледі. Актің көшірмесі заңды тұлғаға беріледі.

11. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайларда жол полициясы тәртіп бұзушылықтарды және оларды жою үшін қажетті шараларды көрсете отырып, орындауға міндетті жазбаша өкім (2-қосымша) береді.

12. Жазбаша өкімді орындауды тексеру заңды тұлғаны тексеру басталғаннан кейін 10 күндік мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Жазбаша өкімнің орындалуын тексеру туралы мәліметтер тексеру актісінде көрсетіледі.

13. Әрбір заңды тұлғаға қатысты заңды тұлғаны тексеру актілері, жазбаша өкімдердің көшірмелері, көлік құралдарының бар-жоғы және олардың техникалық жағдайы туралы, жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын орындау бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы және т.с.с. қажетті мәліметтер тігілетін бақылау істері жүргізіледі.

3. Жол полициясы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды тексеруді бақылау

14. Жол полициясы бөлімшелерінің заңды тұлғаларды тексерумен байланысты қызметін ішкі істер органдары жол полициясының жоғары тұрған органдары бақылайды.

15. Бақылау жол полициясы бөлімшелерін тексеру арқылы жүзеге асырылады. Бақылау барысында заңды тұлғаларды тексеру кезінде заңдылықты сақтау, тексеруді осы Нұсқаулықтың талаптарына сай ұйымдастыру, заңды тұлғаларды тексеру туралы шынайы мәліметтер көрсетіле отырып, есептер ұсыну мәселелері белгіленеді.

2002 жылғы 26 ақпандағы
N 130 бұйрығымен бекітілген
Н ұ с қ а у л ы қ қ а

1-қосымша

----- тіркеу N
(кү н і , а й ы , ж ы л ы)
-----прокуратурасының ҚСАО
(ауданның, қаланың атауы)

**Заңды тұлғалардың жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан
Республикасы заңнамасының талаптарын
орындауын тексерудің**

N _____АКТІСІ

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары
туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының
талаптарын басшылыққа ала отырып, _____ бастап _____ дейін

(заңды тұлғаның атауы, оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, заңды
_____тексеру жүргізуді белгілеймін.
м е к е н - ж а й ы)

(жол полициясы бөлімшесі басшысының лауазымы, атағы, Т.А.Ә., қолы)
Мен, _____
(тексеру уәкілеттігі берілген жол полициясы қызметкерінің лауазымы,

а т а ғ ы , Т . А . Ә . ,)
заңды тұлғаны тексеру барысында мыналарды анықтадым:

1) жол қозғалысы процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін
талаптарға сәйкес жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыру _____

2) жүргізушілердің белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтау _____

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль

және жерде жүретін қалалық электр көлігі жүргізушілері мен басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау_____

4) жол-көлік оқиғаларының себептеріне және Жол қозғалысы ережелерін бұзушылыққа талдау жасау мен оларды жою_____

5) көлік құралдарының техникалық жағдайына және олардың жарамды күйде пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз ету_____

6) жүргізушілерді рейс алдында және кезеңді медициналық тексеріп отыруды қамтамасыз ету_____

7) жүргізушілердің ЖКО-дан зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру_____

8) заңды тұлғаның балансында тұрған көлік құралдарының бірлігінің техникалық жағдайы тексерілді, оның ішінде:

N	КҚ типі	Моделі	Мемлекеттік нөмірлік белгісі	Шығарылған жылы	Техникалық жағдайының ЖҚК саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі көрсетіле отырып, техникалық жағдайын тексерудің нәтижелері туралы қорытынды, себептері
---	---------	--------	------------------------------	-----------------	---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Тексеру нәтижелері бойынша _____ көлік құралы ақаусыз деп танылды,
(с а н ы)

ал _____ көлік құралы ақауы бар деп танылды.
(с а н ы)

"Таныстым" _____
(тексерілген ұйым басшысының лауазымы, Т.А.Ә., қолы)

М.О.

Тексеру нәтижелері бойынша қорытынды: _____
(заңды тұлғаға Жазбаша өкімнің берілгендігі туралы, Жазбаша өкімнің орындалуын тексеру туралы, көлік құралдарының техникалық жағдайына және оларды пайдалануға жауапты лауазымды адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы және т.б.)

(тексеру уәкілеттігі берілген жол полициясы

қызметкерінің лауазымы, атағы, Т.А.Ә.,)

Қазақстан Республикасы
Ішкі іс министрінің
2002 жылғы 26 ақпандағы
N 130 бұйрығымен бекітілген
Нұсқаулыққа

2-қосымша

**Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі
заңнама талаптарын бұзушылықты жою туралы
ЖАЗБАША ӨКІМ**

_____ тексеру барысында мынадай жол
(заңды тұлғаның атауы)

қозғалысын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзушылықтар анықталды _

(заңнама талаптарын орындамау фактілері жазылады)

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы

мен "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы
талаптарының негізінде _____

Осы Жазбаша өкім міндетті түрде орындалуы керек.
Қабылданған шаралар туралы 200__ ж. "___" _____дейін.
х а б а р л а у ы ң ы з д ы с ұ р а й м ы н .

(жол полициясының уәкілетті қызметкерінің лауазымы, атағы,
Т.А.Ә.қолы)
М.О. 200__ ж. "___" _____
Жазбаша өкімді алдым:

(ұйым басшысының лауазымы, Т.А.Ә., қолы)
200__ ж. "___" _____